«8DO2307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Иманғазина Меруерт Ануаровнаның «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға **сәйкестігі**:	1.1. Ғылым мен білімнің қазіргі сұранысына орай өрісін кеңейтіп келе жатқан коммуникативтік лингвистика адами капитал қалыптастырудың жаңашыл бағыттарын зерттеп-зерделеуге бет бұрып келеді. «8DO2307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Иманғазина Меруерт Ануаровнаның «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы – көркем шығарма тілін коммуникативтік тұрғыдан жаңаша қарастырған, бүгінгі заманауи талаптарға сай жазылған зерделі зерттеу. **Коммуникациялық бейвербалды амалдардың** көркем туынды негізінде жаңғыру бағытында жан-жақты зерттелуі қатысымдық тіл білімін теориялық және практикалық жағынан тың арнаға жетелейді. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының түп мәтіні мен аудармасы әдебиеттаным, мәдениеттаным көрсеткіштерін коммуникация ілімі тарапынан ілгері бағытта танып-білуге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс филология ғылымының өзекті бағыттарын айқындауға мүмкіндік бере отырып, тіл, әдебиет, мәдениет тоғысындағы басты мәселелердің озық үлгілерін сөз етеді.. Зерттеу Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

			жолында білім жүйесін дамытуды мақсат ете отырып, қазақ филологиясы мамандығы бойынша коммуникативтік лингвистиканың қазіргі теориялық және методологиялық бағыттарын кеңейтуге басымдық береді. Қазақ филологиясы мамандығына арналған аталмыш еңбек Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес жазылған. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын; ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын, сонымен қатар Президенттің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларын зерделей отырып, Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын мәдени-гуманитарлық жағынан жүзеге асырады. 1.1. 3. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	2. Зерттеу жұмысы филология ғылымына елеулі үлес қосады. 1. Диссертацияның зерттеу нысанына нақты көркем шығарма тілі арқау бола отырып, ол ұлттық-қатысымдық сөз өнерінің ерекшеліктерін тілтанымдық тұрғыдан бейвербалдық код арқылы түсіндіреді. 2. Бейвербалды амалдар лингвотанымдық, паралингвистикалық, ұлттық рухани құндылықтар негізінде дәйектеледі және әр ғылым саласы зерттеу нысанына байланысты тың тұжырымдармен түйінделеді. 3. Көркем туынды, соның ішінде М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы бейвербалды амалдар кешенінде жаңаша

			талданады. 4. Түпнұсқа мен аударма мәтіндердің өзара сәйкестігі мен көркемдік бейнелердің вербалдану жолдары әр түрлі амал-тәсілдер арқылы сипаттала келіп, диссертация ғылымға қосылған іргелі еңбек болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың жазу деңгейі жоғары. Автор өз ой-пайымын, пікір-көзқарасын әдеби стильмен, түсінікті, дәлелді, жан-жақты жеткізе біледі. Әр бөлімдегі тараулар, зерттеу нысанына байланысты мәселелер бір-бірімен сабақтас, сауатты, жүйелі баяндалады. Жұмыстағы маңызды мәселелер дұрыс шешімін тапқан. Ізденуші М.А. Иманғазинаның жарияланымдары диссертация мазмұнын толық қамтиды. Зерттеу жұмысындағы тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарияланған ғылыми еңбектердегі қағидаларға негізделіп, ізденушінің өзіндік ғылыми пікірімен түйінделіп, қорытылады. Докторанттың ойы жинақы, ғылыми тұжырымдары жүйелі түрде баяндалады. Автор ғылыми стильді жетік меңгерген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	4.1. Қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттық тілді, ұлттық сана мен ділді сақтау мен бекіту мақсатында рухани құндылықтарды игерумен қатар оларды терең түсінуге ерекше мән беріледі. Сондықтан коммуникациялық амалдардың вербалдануын білімнің құндылықтық мәнін кеңейтуге, технологиялардың құндылық бағдарын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды факторлар ретінде қабылдаған жөн. Көркем шығарма арқылы ана тілінің сөз байлығы мен ұлттық қорын түпмәтін мен аударма мәтін арқылы бейвербалды жолмен жан-жақты меңгеру заманауи талапты анықтайды. Көркем мәтін мен аудармадағы паралингвизмдердің вербалдану амалдары мен жолдары ұлтқа тән бейвербалды құралдардың дүниетанымдық, салт-саналық, әдептік, коммуникативтік сапалардың қоғамдық-әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас мәртебесін жоғары деңгейге көтереді. Бұрын арнайы сөз болмаған бейвербалды амалдардың түпнұсқа мен аударма мәтіндердегі салғастырмалы-салыстырмалы тәсілдерінің зерттелуі аталмыш мәселенің өзектілігін көрсетеді.

			Сонымен қатар ұсынылған ғылыми жұмысты заңғар жазушы М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын жаңа қырынан зерделеу, ұлттық қор мен бейвербальды кодты соны қырынан танып-білу деп санаған дұрыс. Айтылған пікірлер зерттеу жұмысының **өзектілігін дәйектейді.**
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	4.2. Диссертацияның ішкі мазмұны мен құрылымы зерттеу нысанын **айқындайды.** Проза жанрына негізделген бейвербалды амалдар лингвистиканың паралингвистика, коммуникация, көркеммәтіндік салаларын жаңа ұғымдармен байытады. Жұмыс екі мыңнан астам тілдік деректердің аударма аясындағы «симметрия», «ассиметрия» құбылыстарын ғылыми-прагматикалық жағынан сипаттайды. Еңбекте бейвербалды амалдардың көркем шығармаға тән қызметі мен мазмұны анықталады. Классификациялық жіктелімдегі вербалдану амалдары нақты мәліметтермен дәйектеледі. Бейвербалды амалдардың тіл жүйесіндегі орны құзыреттіліктер түрінде баяндалып, тақырыптың базалық мазмұны мен құрамы, маңызы айқындалады.
		1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	4.3. Жұмыстың мақсаты – М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының түпнұсқадағы мазмұны мен аударма мәтініндегі паралингвиздердің вербалдану ерекшеліктерін методологиялық жағынан талдай отырып, бейвербалды құралдардың тілдік қолданыстағы мәні мен маңызын ашу; лингво-мәдени құндылықтарды сақтау мен дамытудың алғышарттарын көрсету; олардың танымдық, этикеттік, коммуникативтік ерекшеліктерін анықтау. Жұмыстың мақсаты диссертацияның «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі» атты тақырыбына толық сәйкес келеді
		1) **сәйкес** келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.4. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының бөлімдері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Диссертацияның құрылымы, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдарды айғақтайды. Бұл мәселелер диссертацияға қойылатын талаптар үдесінен шыққан. Зерттеушінің теориялық дайындығы, тақырыпты меңгеруі, тілдік
		1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	

			деректерді жинақтап, сұрыптауы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5. Диссертант тақырыпқа қатысты еңбектерді зерделей отырып, түпнұсқа мен аударма мәтіннің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын саралап талдайды. Әр түрлі ғылыми пікір-көзқарастарға сүйене отырып ұсынылған шешімдер паралингвистика терминдері мен олардың жарыспалы нұсқаларын сыни талдау арқылы жинақталады. Мәселен:1. Коммуникацияның бейвербалды амалдары - коммуникациядан хабар беретін сөзден тысқары амалдар (ым-ишара, дене қалыбы мен қимылы, дауыс ишараты т.б.). 2. Проксема – кеңістіктің коммуникативтік қызметін танытатын бірлік. 3. Кинема – ым-ишаралардың қатысымдық қызметін аңғартатын тәсіл. 4. Бейвербальды код – коммуникацияның бейвербалды амалдарының белгілі бір жүйеге түсіп, әлеуметтік-мәдени ортада ақпарат жеткізуге, қарым-қатынас жасауға қызмет ететін таңбалық кешен. т. б. Бұл мысалдар терминдердің жарыспалы нұсқаларын зерттеу нысанын тереңдете талдау нәтижесінде, сыни-креативтік пайымдау арқылы жүйеге түскен анықтамалар.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық зерттеудегі ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа.**
		1) **толығымен жаңа;**	Жұмыстағы мына нәтижелер жаңа:
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	1. Диссертациялық зерттеудегі бейвербалды құралдардың үлгілері салғастырмалы аспектіде зерттеліп, «транслатема» аясында қарастырылады. Көркем шығармаға тән бейвербалды құралдар – хабарды толықтыратын, мәдени-танымдық контекст кеңістігін өрістететін құрылымдар. Сондықтан оның салғастырмалы аспектіде сөз болуы жұмыстың сапасын көрсете келіп, жаңа болып саналады.
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	2. Жұмыстың бейвербалды семиотикаға қатысты ұстанымдары мен тұжырымдары толығымен жаңа. Коммуникация саласына қосымша ақпарат беретін таңбалық, графикалық белгілердің ғылыми жұмыста қарастырылуы зерттеу саласын жаңа бағытқа жетелейді.
			3. Диссертацияда сөз болған қазақ мәдениетіне қатысты тілдесімнің вербалдану құралдарының мағыналық қыры мен сыры

			семасиология ілімінің рөлі мен қызметіне тың көзқараспен қарауды қажет етеді. Сондықтан бұл нәтиже де жаңа деп саналады. Тілдесімнің ерекшеліктері қазақ сөз өнерінде маңызды орын ала келіп, ұлттық сананың өзіне тән ерекше қабілет-қарымын көрсетеді. 4. Аударма мәтінінде көп кездескен көлемді лакуналарға қатысты шешімдер жаңа. Аудармада мұндай бейвербалды амалдардың көп болуы шығарманың мәдени-әлеуметтік мән-мағынасын әлсіретіп, қаламгер қолтаңбасына нұсқан келтіретіні сөзсіз.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	5.2. Диссертанттың зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық, әдіснамалық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, мәдени бағдарларды қалыптастыруға негіз болуымен **жаңа** болып табылады. *Бірінші қорытынды.* Көркем туындыда орын алған бейвербалды амалдардың ұлттық сананы бекітуге бағытталған халықтық сипаты мен мәденитанымдық ерекшелігі басым болғандықтан, олар лингвокультурема құбылысына жатады. *Екінші қорытынды.* Паралингизмдер – мәтін ішінде кедесетін құрылымдар ғана емес, ол үздіксіз көрініс тауып отыратын тұрақты мазмұндық компонент. *Келесі қорытынды.* Паралингизмдерді сауатты, дұрыс бейнелеу үшін аудармашы сол халықтың ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын, ділі мен ерекшелігін жақсы білуі тиіс. *Келесі қорытынды.* Паралингвизмдер номинативтік сипатта емес, динамикалық прцесс арқылы дамиды. Аталмыш қорытындылар зерттеу мақсатына сай басты тұжырымдарды қамтиды.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	5.3. Диссертациялық жұмыстың орындалу барысында қолданылатын техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқа да басқару шешімдері толығымен жаңа, әрі ғылыми-прагматикалық жағынан негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары, қорытындылары мен басты пайымдаулары білім алушының ғылыми-танымдық әлеуетін қалыптастырады. Олардың ғылыми негіздері психология, философия ілімдерінің дамуына игі ықпал етеді. Жұмыста көрсетілген құзыреттіліктер жүйесі жоғары білім беру жүйесіндегі оқу сапасын арттыруға септігін тигізеді. Құндылық бағдарларын қалыптастыруға арналған ғылыми-теориялық жүйелер, ғылыми деректер, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарас-пікірлер, талдаулар, қорытындылар ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;**	Диссертанттың қорғауға шығарылған негізгі ережелері ғылыми тұрғыдан дәйектелген. 7.1 **Қағидаттары дәлелденген.** 7.2 **Тривиалды емес** 7.3 **Иә**, жаңа. Диссертантың зерттеу жұмысында қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар **жаңа** болып табылады: Мысалы, нақтылап айтқанда, паралингвистика - коммуникация процесінің бейвербалды амалдарын зерттейтін тіл білімінің саласы. Сонымен, ғылыми зерттеудің ерекшелігі – көркем шығарманың түпнұсқасы мен аударма мәтіннің бейвербалды амалдарының мазмұндық, мағыналық, құрылымдық сәйкестіктерін коммуникациялық тұрғыдан талдап-сараптау арқылы ұлттық сана мен ойдың қалыптасу ерекшеліктерін танып-білуінде. Бейвербалды амалдардың тіл жүйесіндегі орны және тілдесім түрлері көркем туындының ғылыми-әдіснамалық негіздері арқылы сараланған. Жұмыста философиялық, антропосемиотикалық, лингвоаксиологиялық қағидалар, психологиялық, физиогномикалық алғышарттар айқындалған. 7.4. Диссертацияның негізгі қағидаттарының **қолданылу ауқымы кең.** 7.5. Ғылыми жұмыстың негізгі қағидаттары мен ереже-ұстанымдары «Абай жолы» рома нындағы бейвербалды амалдардың аудармасы: ерекшеліктері мен кемшіліктері», «Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы», «Невербальные элементы коммуникации в романе «Путь Абая» и особенности перевода» т.б. тақырыпта жарияланған

		2) жоқ	мақалаларда әр түрлі деректер мен сюжеттер арқылы дәлелденіп, көрініс тапқан.
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1. Зерттеу барысында лингвистика, этнолингвистика, коммуникативтік лингвистика, педагогика және қоғамдық-әлеуметтік ғылым салалары жұмыстың әдіснамалық негіздерін айқындайды. Аталған ғылым салаларына қатысты ғылыми еңбектерді жүйелеу, жіктеу, талдау, ғылыми-теориялық тұжырымдарды салыстыру зерттеу нысанасына қатысты мәселелерді талқылап,басты заңдылықтарды сараптайды. Коммуникативтік лингвистиканың басты ұстанымдарын анықтау; ғылыми-танымдық әлеуетті қалыптастыруға байланысты тиімді амалдарды қолдану; көркем шығарма негізінде дәстүрлі және инновациялық әдістерді салыстыру жұмыстағы әдіснамалық ұстанымдардың ұтымдылығын дәлелдейді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	8.2. Диссертация жұмысының теориялық түйіндері мен практикалық нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу, сұрыптау, интерпретациялау арқылы алынған.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	**8.3. Ия.** Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, модельдер, зерттеудің ғылыми-әдіснамалық тұғырлары, жұмыстың нәтижелері салыстырмалы зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	8.4. Қажетті және маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді. Бұл дерек-материалдар ғылыми әдебиеттерге берілген сілтемелермен расталған. Зерттеу жұмысында 224 ғылыми еңбекке сілтеме жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	8.5. Ғылыми зерттеу еңбегінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті.** Пайдаланылған әдебиеттер тізбегі диссертацияның мазмұнын ашуға, теориялық-әдістемелік тұрғыдан басты тұжырымдарды ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Жұмыста қолданылған, бейвербалды коммуникация мамандары Б.Қ. Момынова, С. Б. Бейсембаева, Ж. Нұрсұлтанқызы, С.Мағжан, Д. Әлкебаева диссертациялары; аударма теориясын қарастырған Ө. Айтбаев, С. Талжанов, А. Алдаш, А. Федоров, Дж, Кэтфорд зерттеулері; паралингвистика мәселелерін сөз еткен Г.В. Колшанский, Е.С. Никитина т.б. еңбектері жан-жақты талданып, зерттеу нысанына қатысты басты көрсеткіштерді анықтауға жол ашады. Диссертация тақырыбына сәйкес нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздер жеткілікті пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған ғылыми-теориялық тұжырымдар заманауи жоғары білім жүйесінде филолог мамандардың ғылыми-танымдық әлеуетін қалыптастыруға көмектеседі. Диссертация жұмысының теориялық жақтары лингвистикалық пәндердің мазмұнын жетілдіруге, тіл біліміндегі жаңа бағыттарды, паралингвистиканың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін саралауға негіз болады. Зерттеу барысында жинақталып, сұрыпталған тілдік дәйектер, бейвербалды амалдардың амал-тәсілдері мен вербалдану жолдары коммуникативтік лингвистиканың, тіл білімінің түрлі салаларының дамуына теориялық тұрғыдан үлес қосады. Сондай-ақ тілтанымдық бағыттағы зерттеулерде қаламгер қолтаңбасы мен стилі, ұлттық код, тілдік тұлға, бейнелеу амалдары тәрізді

			үдерістердің басты ұстанымдарын пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі **жоғары**:	9.2. Зерттеу барысында алға қойылған мақсат-міндеттер практикалық жағынан да орындалған және олар деректі, бай материалмен дәйектелген. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін оқу бағдарламаларын түзуде, оқулықтар жазуда басшылыққа алуға, педагог мамандарды даярлайтын арнаулы орта, жоғары оқу орындарының, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру саласында **практикалық тұрғыдан қолдану мүмкіндігі жоғары.**
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	9.3. Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Жұмыста жинақталған паралингвизмдердің эмпирикалық қоры, этнолингвистикалық этюдтер, аударматану прагматикалары, оларды жүзеге асырудың кешенді жолдары әр алуан сөздіктер түзуге; қазақ қатысым моделін аңғартатын Жасанды Интеллект құралдарын жасауға база бола алады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Диссертацияның құрылымы зерттеу нысанына қатысты өзара сабақтас, іргелес мәселелерді қамтиды. Ізденуші ғылыми стильді меңгерген, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолдана біледі.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Бейвербалды амалдар – адамның ойы мен пайымын, халықтық үлгідегі тілдесім мәнерін бейнелеп жеткізетін тәсілдердің бірі. Ол – өзгеше бағыттағы тілдік қатынастың бірегей көрсеткіші. Диссертацияда ұзын-сонар берілген тізімдер қатарында ұлттық сөз саптау мен бейнелеу өнерін зерделеген алаш арыстарының психологиялық, педагогикалық, философиялық көзқарастары нақтыланбаған. Ғылыми зерттеу барысында ғалымдардың аты-жөні тек тізім түрінде ғана берілмей, аты аталған фамилиялардың зерттеу нысанына қатысты идеялары нақты тұжырыммен қысқаша талданып айтылғаны дұрыс. 2. Жұмыстың жазылу барысында бір сөйлем құрамында сөздердің қайталанып келуі кездеседі. Дегенмен, бұл мәселелер диссертацияның орындалу барысына нұқсан келтірмейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жарық көрген ғылыми мақалалар мен конференция материалдары диссертация тақырыбының мазмұны мен маңызын қамтамасыз етеді. Олардың ғылыми деңгейі зерттеудің мақсатын айқындайды және зерттеу міндеттеріне қолжеткізудің шынайылығын көрсетеді. М.А. Иманғазинаның «Ұлттық мінез-құлықтың коммуникацияда вербалды амалдар арқылы көрінуі» (2024) атты мақаласы көркем шығарма арқылы халықтық мінездің, салт-сана дәстүрінің, ұлттық ділдің вербалды қарым-қатынас жолдарын қарастырса, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары» (2024) атты жарияланымы зерттеуге негіз болған мәселенің тақырыптық классификациясын талдап көрсетеді. Докторанттың «Бейвербалды амалдар – коммуникацияның көмекші құралдары» мен «Бейвербалды коммуникацияны зерттеудің кезеңдік ерекшеліктері» атты баяндамалары халықаралық конференцияда жұмыстың өзекті тұстарынан толық мәлімет береді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары шетелдік және отандық журналдарда 9 ғылыми мақалада, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің журналдарында 5 мақалада, халықаралық конференция жинақтарында 4 мақала ретінде жарияланып, халықаралық конференцияда 2 баяндама жасалған. Диссертация тақырыбына қатысты жарияланымдар жұмыс мазмұнын, құрылымын, басты ұстанымдары мен шешімдерін **дәлелдей алады.**
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Жоғарыда айтылған пікірлерді тұжырымдай отырып, **«8DO2307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың** ғылыми жаңалығы мол, теориялық, практикалық маңызы жоғары,

			академиялық деңгейі сауатты, «Ғылыми дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сай орындалғанын атап өте келіп, **Иманғазина Меруерт Ануаровна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.**

Ресми рецензент:
ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қаз ҰПУ профессоры Оразбаева Ф.Ш.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ «АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ» НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЕ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

ҚОЛЫ ТАҢБАМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ